

### Information about author

**Şahin Süveyda** – PhD, research assistant, department of contemporary turkic dialects and literatures, Pamukkale University, Turkiye, Denizli. e-mail: suveydasahin48@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2289-3738>.

### Сведения об авторе

**Şahin Süveyda** – PhD, ассистент кафедры современных тюркских языков и литературы, Университет Памуккале, Денизли, Турция; e-mail: suveydasahin48@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2289-3738>.

*Gönderim 28.10.2025*

*Revizyon sonrası gönderim 28.11.2025*

*Kabul 23.12.2025*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-7](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-7)  
FTAMP: 16.21.37

### Ә. Ергалиқызы

Шәкәрім университеті,  
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20А  
ORCID: 0009-0005-0126-5451  
e-mail: [ergalikyzy.a@mail.ru](mailto:ergalikyzy.a@mail.ru)

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ИНТЕРНЕТ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ тілі интернет-лексикасының фонетикалық деңгейіндегі құбылыстар жүйеленіп талданды. Зерттеу нысаны ретінде Бүкіләлемдік тордағы (World Wide Web, қысқаша WWW) қазақ тілді веб-сайттар мен әлеуметтік желілерден және соңғы жылдары жиі қолданылып жүрген мессенджерлерден (Whats app, Telegram) мысалдар алынды. Зерттеу барысында бақылау және жинақтау, салыстырмалы талдау, сипаттамалық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесі ғаламтор кеңістігінде тілдің жаңа қолданыс түрлерінің пайда болып, ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілінің араласуын, нәтижесінде жаңа құбылыстардың кеңінен таралғанын көрсетті. Интернет тілінің фонетикалық деңгейінде сөздер жиі дыбыстық ықшамдалуға, немесе керісінше, адамның эмоциясын жазбаша жеткізу мақсатында графемалардың қайталануы сияқты өзгерістерге ұшыраған. Сонымен қатар, латын әріптерінің белсенді қолданылуы мен шет тілдік дыбыстардың игерілуі қазақ тілді ғаламтор кеңістігінде фонетикалық бейімделудің жаңа деңгейін байқатып отыр. Мақалада осы аталған құбылыстарға мысалдар келтіріліп, себептері түсіндірілді. Олардың заманауи тілге әсері мен жазу мәдениетіне ықпалы қарастырылды. Қорытындылап келгенде, қазақ тілі интернет-лексикасының фонетикалық деңгейі тілдің табиғи дамуының тағы бір қадамы екені байқалды. Өз кезегінде қазақ тілінің өзгерістерге бейімділігін, үнемі дамып-жетіліп отыратын жүйе екендігін дәлелдеді.

**Тірек сөздер:** интернет, интернет тілі, интернет-лексика, фонетикалық деңгей, графика, дыбыс.

### Кіріспе

Өткен ғасырдың соңынан бастап қарқынды дамыған ғылым мен технология нәтижесінде адамзаттың жаңа қарым-қатынас ортасы – интернет пайда болды. Бастапқыда тек хабарлама алмасу қызметін атқарған интернет уақыт өте келе ақпаратты жинап, сақтайтын «қоймаға» айналды және адамдарға бір-бірімен жылдам хабар алмасатын мүмкіндік берді. Ал, қазіргі уақытта интернет-дүкендер ашылып, онлайн сауда жасау; кинотеатрларға, ұшаққа онлайн билет сатып алу; онлайн карта арқылы елді-мекен туралы ақпарат алу; әлемде болып жатқан жаңалықтардан дер кезінде хабардар болу; онлайн білім алу; интернет-банкинг, онлайн жарнама мен онлайн ойындар ойнау сияқты әрекеттер адамдарды уақыттарының басым бөлігін интернетте өткізуге себепші болды. Нәтижесінде жаңа тілдік орта мен жаңа тілдік форма - электронды тіл, яғни, интернет тілі қалыптасты. Интернеттің адам өмірінің әртүрлі салаларына ықпалы көбейген сайын интернет-лексиканың тіл біліміндегі өзектілігі арта түседі.

Интернет тілі тіл білімі саласындағы зерттеулерде «интернет-лексика» деп те аталады. «Интернет» сөзі қазақ тіліне «ғаламтор» деп сәтті аударылғандықтан, отандық зерттеулерде «ғаламтор тілі», «ғаламтор лексикасы» деген тіркестер кездеседі. Кейінгі жылдары «интернет» сөзіне қатысты «ғаламтордан» бөлек, «әлемжелі», «әлемтор» сияқты баламалар пайда болды [1].

Соңғы уақыттардағы интернет лексикаға қатысты жазылған шетелдік және отандық зерттеулер көрсеткендей, сандық технологиялардың дамуы нәтижесінде тілде, оның ішінде тілдің фонетикалық деңгейінде біршама өзгерістер пайда болып отыр. Ең алдымен байқалғаны, интернет қолданушылар өздерінің уақыттарын үнемдеу мақсатында жазылатын мәтін көлемін қысқартуға тырысады. Бұл жағдай сөздердің фонетикалық түрленуіне: дыбыстық бірліктердің графикалық таңбалар (смайликтер) арқылы берілуі, транслитерация (латын әліпбиінің қолданылуы) мен орфографиялық формалардың жеңілденуі және сөздердің қысқартылуы сияқты құбылыстардың туындауына себеп болып отыр. Сондай-ақ, әлеуметтік желіде ауызекі сөйлеу стилінің ықпалы басым болуынан да фонетикалық құбылыстардың пайда болуына әкелді. Интернет-лексиканың фонетикалық деңгейінде туындаған жоғарыда аталған ерекшеліктерін зерттеу арқылы қазіргі тілдің жай-күйі мен болашақта даму жағдайын түсінуге болады. Сол себепті қазіргі қазақ тілінің интернет-лексикасының фонетикалық ерекшеліктерін талдау арқылы, оның тілге әсерін анықтауды мақсат еттік.

### **Материалдар мен әдістер**

Қазіргі қазақ тілінің интернет-лексикасында пайда болған фонетикалық өзгерістердің заңдылықтары мен олардың тіліміздің дыбыстық жүйесіне тигізетін әсері мәселелерін қарастыру үшін материалдар жинақталды. Зерттеу жұмысы барысында пайдаланылған материалдар интернеттің атқаратын қызметіне байланысты екі топқа бөлініп талданды. Бұл туралы шетелдік ғалым Л. Воборил интернеттің қызметтерін атай отырып, негізгі екі түрін ажыратады:

1. ақпарат көзі ретіндегі интернет тілі;
2. қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын интернет тілі [2].

Бірінші топ бойынша Бүкіләлемдік тор желісіндегі (WWW) отандық сайттар қарастырылды. Сөздікке сүйенсек, «World Wide веб – бүкіләлемдік тор – құрамында графика, дыбыс және видео бар гипермәтіндік құжаттарды іздеуге және қарауға арналған қызмет». Интернет пайда болғалы, ондағы ақпараттардың орасан зор көлемде өсуі өз кезегінде веб-сайттардың саны артуына әкеп соқты. zero.kz сайтында [3] отандық сайттар туралы барлық ақпараттар жинақталып, қолданушылардың белсенділігіне байланысты рейтингісі берілген. Осы дереккөзді пайдалана отырып, қазақ тіліндегі сайт атауларына және сайт интерфейстерінде жиі қайталанатын тірек сөздерге назар аударылды.

Адамдар арасында қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын әлеуметтік желілер мен чаттар – интернеттің екінші қызметіне жатады. Қазіргі уақытта Қазақстанда «Instagram», «Threads», «Facebook» сияқты әлеуметтік желілер және «Whats App», «Telegram» мессенджерлері өте белсенді қолданылады. Сол себепті, аталған желілерді зерттеу материалы ретінде таңдап алдық. Жалпы саны 300-ге жуық үлгілер мысалға алынып, талданды.

Зерттеу кезеңдері төмендегідей сатылардан тұрады:

1. Дайындық кезеңі. Бұл кезеңде тақырыпқа қатысты ғалымдардың зерттеу еңбектері жинақталды;

2. Негізгі кезең. Әлеуметтік желілердегі қазақ тілді материалдар іріктелді, сөздердің фонетикалық жазылуы талданды. Байқалған өзгерістер жүйеленді;

3. Қорытынды кезең. Зерттеу нәтижелері талданып, қорытынды жасалды.

Қолданылған зерттеу әдістері:

1. Бақылау және жинақтау әдісі – интернет сайттардан, әлеуметтік желілерден мысалдарды жинап, фонетикалық ерекшеліктерін тіркеу;

2. Салыстырмалы талдау әдісі – байқалған ерекшеліктерді дәстүрлі әдеби тіл нормаларымен салыстыру;

3. Сипаттамалы әдіс – әрбір фонетикалық өзгерістің себептерін, қолданылу жағдайларын түсіндіру.

Интернет тілін тіл білімінде алғаш рет жүйелі түрде зерттеуші ағылшын ғалымы – Дэвид Кристал (1941 жылы дүниеге келген) – ағылшын тілінің маманы, интернетті тілмен байланыстыра қарастырған. Ғалымның «Language and the Internet» (2004 ж.) [4] атты еңбегі бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жойған жоқ. Атап айтқанда, шетелдік ғалымдардан интернет-лексикада болып жатқан тілдік құбылыстарды зерттеуші ғалымдардан Т.Б. Радбиль «Активные процессы в языке интернета: лингвокогнитивный и прагматический аспекты» (2019ж.), Я.Э. Ахапкина («Современный русский язык в интернете»), Г.Н. Трофимова «Языковое послевкусие интернет-эпохи в России: эффект бумеранга (актуальные процессы в русскоязычной цифровой медиакommunikации)» (2020ж.), А.Н. Сбоев «Структурно-семантический и лингвокультурный аспекты интернет-лексики современного китайского языка» т.б. ғалымдардың есімдерін айтуға болады. Соңғы отыз жылдай интернет тілі шетелдік тілші ғалымдармен қатар отандық тілші ғалымдарды да қызықтырып келеді. Атап айтар болсақ, З. Құрманбекова, А. Үдербаев, Г.Н. Смағұлова, Г. Сәрсек, Е. Жұматаев, Г.О. Заурбекова, Қ.Ө. Есенова, М. Малик т.б. Отандық ғалымдардың ішінде М.М. Малик «Әлеуметтік желілердегі сөйлеу қызметінің прагматикасы және функциясы» [5] атты диссертацияны 2023 жылы қорғап, әлеуметтік желілерде сөздердің латын әліпбиімен берілуіне тоқталады. Ал, З.Р. Құрманбекова «Тілдік қатынасты жүзеге асырудағы әлеуметтік желінің рөлі (қоғамдық сана және тіл мәдениеті мәнмәтінінде)» [6] тақырыбындағы диссертациясын 2024 жылы қорғап, фонетикалық құбылыстарды (аферезис, гаплогогия, диэреза, редукция т.б.) сипаттайды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Зерттеу жұмысында жүргізілген талдау нәтижелері әлемде кең таралған латын әліпбиінің өзге тілдерге «кірігуін» көрсетті. Бұл үрдісті екі қырынан қарастыруға болады. Біріншіден, интернетке тән терминдер мен ұғымдардың басым бөлігі ағылшын тілінен енген кірме сөздер. Қазір интернет дамығалы арада 30-ға жылға жуық уақыт өткенде ағылшын тілі халықаралық деңгейдегі тілге айналды. Орыс тілінде бұл құбылысты зерттеуші ғалымдар «англицизмы» [7] деп атап, біршама ғылыми еңбектер жазды (Ю. Балакина, А.И. Дьяков, Е.А. Зацепина т.б.). Әрине, басқа тілдерде сияқты, ағылшын тілі қазақ тіліне де әсер етті. Бірақ дәл осы тұста әлеуметтік желі тілін зерттеуші ғалым З.Р. Құрманбекова еңбегінде айтылғандай, «орыс тілінің де аралық рөлін» ескеруіміз керек. Сонымен қатар, интернетті алғаш ойлап тапқан өнертапқыштар Солтүстік Америкадан болғандықтан, олар ғаламтордың жазу тілін ағылшын тілінде жоспарлаған. Бұл туралы шетел ғалымдары Бренда Данет, Сюзан Харринг [8] еңбектерінде толық ақпарат берілген. Ғалымдардың айтуынша, интернетке мәтіндердің жіберілуі ASCII символдарының жиынтығы арқылы іске асады. ASCII акронимі «ақпарат алмасу үшін Америкалық стандартты код» деген мағынаны білдіреді (American Standard Code for Information Interchange). ASCII коды 1960 жылдары жарыққа шыққан және ол 128 кодтан тұрады. Оның ішінде 95 код графикалық символ ретінде пайдаланылады. Бұл символдар жиынтығы латын әліпбиіне негізделіп құрастырылған. Ең алғашқы e-mail мен чаттарда мәтіндер осы ASCII кодымен жазылған. ASCII кодын латын әліпбиін қолданатын елдер үшін ыңғайлы болғанымен, грек, орыс, қытай, жапон сияқты әліпбилері латынға ұқсамайтын елдер кодқа бейімделуге мәжбүр болды. Уақыт өте келе интернет қолданушылар ASCII кодын үйреніп, белсенді пайдаланып жатыр. Мысалы, қазақ тіліндегі сайттардың атаулары толығымен латын әліпбиімен берілген: **akorda.kz, qamshy.kz, egemen.kz, bilimclass.kz, kundelik.kz, aikyn.kz, kurs.kz, egov.kz, nobd.edu.kz** т.б.

Интернет арқылы тілімізге ағылшын тілінен кірме сөздер көптеп енді деп жоғарыда айттық. Осындай ағылшын тілінен енген кірме сөздерді зерттеген ғалым Г.Н. Трофимова англицизмдердің (ағылшын сөздерінің) кириллица әліпбиіне бейімделуінің негізгі 3 жолын көрсетеді:

- 1) трансплантация;
- 2) транслитерация;
- 3) транскрипция.

Трансплантация - ағылшын тілі сөздерінің латынша жазылу нұсқасы еш өзгеріссіз басқа тілдерде қолданылуы. Трансплантация көбінесе жалқы есімдер мен географиялық атауларға тән. Тағы бір айта кетерлігі, бұл әдісті тілдердің интеграциясындағы алғашқы саты деп қабылдауға болады. Себебі, кірме сөз тілде бірінші рет қолданылғанда трансплантация жолымен пайдаланылады. Мысалы, «SMS» сөзі бастапқыда латын әріптерімен жазылып, уақыт өте келе кириллица әліпбиіне бейімделіп, «смс» болып өзгерді.

Транслитерация. Транслитерацияны «әріптік» аударма деп түсінуге болады. Бұл әдіс графикалық принципке негізделген және бастапқы сөздің фонетикалық ерекшеліктерін ескермейді. Мұнда түпкі сөздің әріптерінің әрқайсысы кириллица әріптеріне сәйкес келеді. Мысалы, demo - демо, server - сервер, discount - дисконт т.б.

Транскрипция. Ағылшын тіліндегі сөздердің дыбыстық бейнесі дәл сол дыбыстарды жазбаша түрде бере алатын әріптермен беріледі. Транскрипция күрделі процесс. Себебі, [æ], [ə:], [uə], [əu], [θ], [w] сияқты кейбір ағылшын фонемалары мен дифтонгтарының кейбір тілдерде эквиваленттері жоқ [9].

Осы тұста интернеттегі әліпби мәселесінің екінші қыры шығады. Тарихтан белгілі, латын әліпбиі біздің тіліміз үшін жат құбылыс емес. Себебі, 1929 жылы қазақ жазуы латын әліпбиіне көшіріліп, латын әліпбиі бізге 11 жыл, яғни 1940 жылға дейін қызмет еткен болатын. Тәуелсіздік алғаннан соң, 2007 жылы Қазақстанның Білім және Ғылым министрлігі «Қазақ тілін латын әліпбиіне алмастыру туралы» аналитикалық анықтамасын дайындады. 2017 жылы Қазақстанның бірінші президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев латын әліпбиіне көшу жұмысына дайындықты бастау керектігін айтты. Осыған байланысты интернетте кирилл әріптерін латынға ауыстыратын qazlat.kz, latinitsa.kz, www.conv.kz, www.soyle.kz, т.б. сайттар іске қосылды. Бұл үрдісті әсіресе әлеуметтік желілердегі (Threads, Instagram, Telegram, Facebook т.б.) пайдаланушылардың жазбаларынан байқауға болады. Төменде Instagram желісінде халыққа танымал болған dauletten, daulet\_mukayev парақшаларынан мысалдар келтірілді: *кофе-time, nikip time, baspana fest, aqyl battle m.б.*

Қазір бейресми қолданыста шет тілдік дыбыстардың қазақ тілінің дыбыстарына бейімделу үрдісі жүріп жатыр деп айтуға болады. Олар тілімізге бейімделу барысында өзгеріске ұшырайды. Мұндай дыбыстарға төмендегідей мысалдар келтіруге болады:

а) «W» және «V» дыбыстары. Қазақ тілінде бұл дыбыстар жоқ, сондықтан олар «у» немесе «в» болып айтылады. Мәселен, «Web» сөзі – «веб», кейде «уеб» деп айтылса, «VPN» – «впн» болып айтылады;

ә) «C» дыбысы. Ағылшын тіліндегі «с» дыбысы қазақша көбінесе «к» дыбысы болып оқылады. Мысалы, «comment» – қазақша «коммент», «cach» – қазақша «кәш», т.б.

б) «H» дыбысы. Бұл дыбыс қазақ тілінде кейде «х», кейде «г» болып айтылады: «host» – «хост», «hyperlink» – «гиперлинк» (қазақша «гиперсілтеме»).

в) «S» дыбысы. Ағылшын тілінің бұл дыбысы қазақ тілінде «с» болып оқылады. Мысалы: «spam» – қазақша «спам», «site» – қазақша «сайт» т.б.

3. Қазақ тіліне тән төл дыбыстарының қолданысы. Интернетке байланысты біршама сөздер ағылшын тілінен тікелей еңсе де, қазақ тіліне бейімделген түрде айтылады. Сөздіктен [10] кейбір сөздерді салыстырайық:

«чат» – түпнұсқадағыдай емес, /çat/ (чат);

«сайт» – түпнұсқадағыдай емес, /sáyt/ (сайт);

«лайк» – түпнұсқадағыдай емес, /láyk/ (лайк) болып оқылады.

Шет тілдерден енген сөздер қазақ тілінің үндестік заңына, дыбыстардың айтылу ерекшеліктеріне және екпін тәртібіне сәйкес қолданылады. Тіліміздегі интернет-лексиканың фонетикалық ерекшеліктері төмендегідей:

1. Үндестік заңының сақталуы. Мысалы, жуан үндестікке «сайт» сөзін мысалға алсақ, септегенде «сайтқа» («сайтке» емес), «сайтты» («сайтті» емес), «сайттан» («сайттен» емес) болып түрленеді. Дәл осылайша, жіңішке үндестікке: «домен» сөзі «доменді», «доменнен» немесе «браузер» сөзі «браузерді», «браузерге» болып түрленеді.

2. Орфоэпиялық жеңілдету. Кейбір сөздердің айтылуы сөздікте [10] жазылуынан қарағанда өзгеше болуы мүмкін:

«browser» сөзі /brauzer/ болып айтылады;

«post» сөзі – түпнұсқадағыдай емес, /póst/ түрінде қолданылады.

4. Қысқарған сөздердің дыбысталуы. Қысқарған сөздер мен аббревиатуралар. Интернетте жиі қолданылатын терминдер қысқарып, ықшамдалады. Бұл құбылыс сөйлеу кезінде де байқалады:

1. «вайфай» (толық нұсқасы «Wireless Fidelity») – ағылшын тілінен енген, бірақ қазақ тілінде дыбысталуы өзгереді.

2. «ютуб» – түпнұсқадағыдай емес, қазақша жеңілдетіліп айтылады.

3. «гугл» – түпнұсқадағыдай емес, қазақ тілінің фонетикасына бейімделген.

4.Графикалық таңбалардың қолданылуы. Орыс ғалымы Г.Н. Трофимова интернеттің әсерінен латын әліпбиінің орыс тіліне енуі арқылы дәстүрлі жазудың өзгеріске ұшырағанын айтады [9]. Ғалым сайт атауларындағы «www», «@» деген бөліктерін мысалға келтіреді. Бұл жағдай қазақ тіліне де ортақ. Көптеген шетел ғалымдары интернет лексиканың фонетикалық деңгейін қарастырғанда графиканы қоса зерттеген. Олар сөйлеушінің аудиовизуальды образы болмаған соң, жазбаша хабарламада адам эмоциясын графика арқылы білдіреді деп түсіндіреді.

Бүгінгі күні интернетте кеңінен қолданылатын графикалық таңбалардың бірі – # **(хештег, кейде хэштэг деп те айтылады)**. Ағылшын тілінен аударғанда «Hashtag» – «тор» белгісі дегенді білдіреді. Хештег 2007 жылы Твиттер әлеуметтік желісінде пайда болды. Твиттердің жазбаларында қойылған хештегке лингвистикалық талдау жасаған орыс ғалымы Ю.Е. Галямина хештегтің мынадай қызметтерін атайды: *тақырыптық маркер*. Бастапқыда хештег хабарламалардың тақырыптарын белгілеу үшін жасалды. Хештег мәтіндерді семантикалық жағынан ғана емес, екі не одан көп твитті «синтаксистік» жағынан да біріктіреді. *хештег бағалауыш есім ретінде*. Кей жағдайларда хештег прагматикалық мағынаны білдіруі мүмкін. Бұл құбылыс арқылы адресаттың қандай да бір адамға, не оқиғаға деген көзқарасы білінеді. *Предикаттық жіктеу қызметі*. Хештегтер твитте жазылған құбылысты, оқиғаны сипаттауы мүмкін. *Модальдылық қызметі*. Хештегтер кейде жазылған хабардың модальдылығын білдіретін прагматикалық қызмет атқарады [11].

**@ (айқұлақ) белгісі**. Аталған белгіні 1972 жылы Р. Томлинсон ойлап тапқан болатын. Ағылшын ғалымы Д. Кристалдың айтуынша, @ (айқұлақ) белгісі хабар алушы мен мекен-жай арасындағы байланысты білдіреді. Бір қызығы бұл белгі уақыт өте келе ағылшынның «at» сөзін алмастырып, тіпті бренд, дүкен атауларына да қолданыла бастады [4].

Қазіргі уақытта @ белгісі e-mail поштадан бөлек, қазіргі кезде ватсап, инстаграм, Threads желілерінде қолданылады. Бұл желілерде алғашқы қызметін, мекен-жайды білдіреді.

Адамдар интернет арқылы әлеуметтік желіні пайдаланып, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынастың бұл түрі көбінесе жазбаша мәтін арқылы жүзеге асады. І кестеден жазбаша мәтіндердегі фонетикалық процесстердің графикалық ерекшелігін қарастырайық.

1-кесте. Әлеуметтік желідегі фонетикалық ерекшеліктер

Фонетикалық ерекшеліктер	Графикалық көрінісі
Дауысты дыбыстардың созылуы (адамның қуаныш, реніш, таңғалыс сезімдерін білдіргенде)	рақмеет, жоооқ, мээээ, ойбуууу, түүуууу, күштіііі (графемалардың бірнеше рет қайталануы арқылы жасалған)
<p>Қысқартулар</p> <p>а) сөздердің дауысты әріптері түсіп қалып, тек дауыссыз әріптер жазылады;</p> <p>ә) етістіктердегі жіктік жалғауының ықшамдалуы</p> <p>б)сөздегі соңғы дыбыстардың қысқарып жазылуы</p>	<p>жарайсың – жрсң, махаббат – мхбт, білмеймін – блм, керек – кк;</p> <p>сөйлеймін – сөйлейм, білмеймін – білмейм, сатамын – сатам, шығарамын – шығарам</p> <p>жемейді – жемиді, күлмейді – күлмиді, жүрмейді – жүрмид, дейді – дит, айтады – айтат,жатады –</p>

1-кестенің жалғасы

1	2
в) ғой, қой шылауларында «й» дыбысының түсіп қалуы; г) жіктік жалғауының көпше түрінің өзгеруі	жатат, болады – болад, өткізбей – өткізби, істеймін – істимін, дейді – диді. барасың ғой – барасың ғо, керек қой – керек ко.  жатырмыз – жатырқ, отырмыз – отырқ.
Кириллицаның латын әліпбиіне транслитерациялануы	Сәлем, қалайсың? – Salem, kalaisyn?
Фонетикалық жазылу (ауызекі тіл әсері) Сөздер қалай естіледі, солай жазылады.	Не істеп жатырсың? – Нестеп жатырсын? қиын – қыйын, жүре береді – жүреберет, қалады – қалат, менің – менім, бұйырса – биюрса, ештеңе – ештеме, биыл – быйыл, иә – ия, иа.
Дыбыстарды бұрмалау	келе жатыр – келеатыр, келятыр, кеватр; бара жатқан – баратқан, не болып жатыр – не боватр.
Диалект сөздер	арғы жақта – анаяқ, мына жақта – мынаяқ, балалар – балдар, отырып – отпай, отырған – отқан, қойсаңшы – қойшиш, берсеңші – бершиш.
Қазақша әріптердің орнына орыс әріптерін қолдану	Інім, қалайсың? – иним, қалайсын?

Жоғарыда берілген кестеден байқағанымыздай, қазақ тілі әлеуметтік желі лексикасының фонетикалық деңгейінде біршама құбылыстар орын алған. Мұндай құбылыстардың ең жиі кездесетіні – **орфографиялық ауытқулар**. Орфографиялық ауытқулар интернет қолданушылар тарапынан саналы және санасыз түрде іске асуы мүмкін. Әлеуметтік желілерде адамдар қуаныш, реніш, ашу, таңғалыс сияқты эмоцияларын білдіргенде сөзді саналы түрде өзгертіп жазады. Ал, адамдар санасыз түрде орфографиялық ауытқуға барса, бұл орфографиялық қателік болып есептеледі. Бүгінгі күні интернетте көрініс тапқан қазақ тіліндегі орфографиялық қателіктердің басым бөлігі сөздердің ықшамдалуынан болып отыр. Қатенің келесі бөлігі, пернетақтаның (клавиатура) әсерінен орын алады. Себебі, телефон немесе компьютер болсын, бастапқыда пернетақталары орыс не ағылшын әліпбиінде тұрады. Қазақша әліпбиді қолмен орнатамыз, кейде орнатпай жатамыз. Сол себепті, адамдар қазақтың төл әріптері: ә, і, н, ғ, ү, ұ, қ, ө әріптерінің орнына орыс әріптерін қолдануға мәжбүр.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта интернеттің адамзат өмірінде алар орны зор. Тіпті шынайы өмірді алмастырған «виртуалды әлем» ұғымы пайда болды. «Интернет-дүкен», «онлайн кітапхана», «онлайн сабақ», «интернет банкинг», «онлайн аудармашы» сияқты интернетке тән сөздер күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды.

Интернет алғашқыда техникалық құбылыс деп есептелгенімен, уақыт өте келе ғалымдар тарапынан әлеуметтік құбылыс ретінде мойындалып, тілші-зерттеушілердің назарын өзіне аударды. Себебі, әлем бойынша небәрі 20-30 жылдың ішінде миллиондаған адам интернетті қолдану арқылы бір-бірімен ақпарат алмасуға, қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік алды. Бүгінгі күні интернет пайдаланушылардың саны күн сайын артпаса, кемімеді. Қазіргі кезде интернеттегі, одан кейін пайда болған әлеуметтік желілердегі жазбалар ғалымдардың зерттеу нысанына айналып отыр.

Интернет-лексиканың фонетикалық қырына сипаттама бергенде, алдымен интернет кеңістігінде латын дыбыстарының басымдығы, шет тілдік дыбыстардың қазақ тілінің дыбыстарына бейімделу үрдісі («V», «W», «C», «H», «S» дыбыстары), қазақ тіліне тән төл дыбыстарының (ә, і, н, ғ, ү, қ, ө дыбыстары) қолданысы, графикалық таңбалардың қолданылуы (@, #), орфографиялық ауытқу құбылыстары сипатталды.

Қазақ тілінің интернет-лексикасының фонетикалық ерекшеліктерін талдай келе, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1.Латын әліпбиінің интернетте белсенді пайдаланылуы;

2. Кириллицаның латын әліпбиіне транслитерациялануы ресми және бейресми түрде жүзеге асады;

3. Кірме сөздер түрленгенде қазақ тілінің үндестік заңына бейімделеді;

4. Кейбір шет тілдік дыбыстар қазақ тіліне ыңғайланып қолданылады;

5. Көптеген сөздер қысқарып немесе ықшамдалып қолданылады;

6. Графиканың, яғни әліпбиде жоқ @ (айқұлақ), # (хештег) сияқты белгілердің қолданысқа енуі.

Қазақ сөздерінде латын мен кирилл әріптерінің қатар қолданылуы бүгінгі күні интернет аумағынан шығып, оқырманға эмоциялық тұрғыдан әсер ету мақсатында жарнамаларға да ауысуда. Бұл аталған құбылыстар болашақта интернеттің тіліне ғана емес, жалпы қазақ тілінің дамуына да ықпалын тигізбек. Бүкіләлемдік тор мен әлеуметтік желі қазіргі тілдің фонетикалық өзгерістерін көрсететін құралға айналып отыр: ол ауызекі сөйлеу стилінің сипатын сақтай отырып, тілдегі жаңа ережелердің қалыптасуын және жазбаша тілдің жаңа көкжиегін көрсетеді.

### Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Жаңа атаулар қолданыс сөздігі. – Алматы: «Тарпанбаева А.Ш.», 2023. – 496 б.
2. Радбиль Т.Б., Маринова Е.В., Рацибурская Л.В., Щеникова Е.В. Активные процессы в языке интернета: лингвокогнитивный и прагматический аспекты: Коллективная монография / – Москва. 2019. – 257 с.
3. Казахстанский рейтинг. Сервис интернет-статистики. [электронный ресурс] <https://zero.kz>.
4. Crystal D. Language and the Internet – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – 284 p.
5. Малик М.М. «Әлеуметтік желілердегі сөйлеу қызметінің прагматикасы және функциясы»: док. PhD. дис. – Алматы, 2023. – 181 б.
6. Курманбекова З.Р. Тілдік қатынасты жүзеге асырудағы әлеуметтік желінің рөлі (қоғамдық сана және тіл мәдениеті мәнмәтінінде): док. PhD. дис. – Астана, 2024. – 141 б.
7. Balakina J. Anglicisms in Russian and German Blogs / J.Balakina. - Frankfurt a/M.: Peter Lang, 2011.– 262 p.
8. The multilingual Internet: language, culture, and communication online / edited by Brenda Danet and Susan C. Herring. – New York: Oxford University Press, 2007. – P. 443.
9. Трофимова, Г. Н. / Языковое послевкусие интернет-эпохи в России: эффект бумеранга (актуальные процессы в русскоязычной цифровой медиакоммуникации): монография / Г.Н. Трофимова, В.В. Барабаш. – Москва: РУДН, 2020. – 273 с.
10. Оксфорд сөздігі. <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/>
11. Ахапкина Я.Э., Рахилина Е.В. / Современный русский язык в интернете / ред. – М.: Языки славянской культуры, 2014. – 328 с.

### References

1. Kurmanbaiuly Sh. Zhana ataular men qoldanystar sózdigi [Dictionary of new terms and usages]. – Almaty: ZhK «Tarpanbaeva A.Sh.», 2023. – 496 p. (in Kazakh)
2. Radbil T.B., Marinova E.V., Ratsiburskaya L.V., Shchenikova E.V., Zhdanova E.A., Bakich N.A. Aktivnye protsessy v yazyke interneta: lingvokognitivnyi i pragmaticheskii aspekty [Active processes in the language of the Internet: linguocognitive and pragmatic aspects: collective monograph]. – Moscow: Nestor-Istoriya, 2019. – 257 p. (in Russian)
3. Kazakhstan Ranking. Internet Statistics Service [Electronic resource] <https://zero.kz> (in Kazakh/website)
4. Crystal D. Language and the Internet. – Cambridge: University Press, 2004. – 284 p. (in English)
5. Malik M.M. Aleumettik zhelilerdegi sóyleu qyzmetiniń pragmatikasy zhane funksiyasy [Pragmatics and function of speech activity in social networks]. PhD dissertation. – Almaty, 2023. – 181 p. (in Kazakh)
6. Kurmanbekova Z.R. Tildik qatynasty zhuzege asyrudagy aleumettik zheliniń roli [The role of social networks in implementing linguistic communication (in the context of public consciousness and language culture)]. PhD dissertation. – Astana, 2024. – 141 p. (in Kazakh)

7. Balakina J. Anglicisms in Russian and German Blogs. – Frankfurt am Main. 2011. – 262 p. (in English)
8. Danet B., Herring S.C. (eds.). The Multilingual Internet: Language, Culture, and Communication Online. – New York: Oxford University Press, 2007. – P. 443. (in English)
9. Trofimova G.N., Barabash V.V. Yazykovoe poslevkusie internet-epokhi v Rossii: effekt bumeranga (aktualnye protsessy v russkoyazychnoy tsifrovoy mediakommunikatsii) [Linguistic aftertaste of the Internet era in Russia: the boomerang effect (current processes in Russian digital media communication)]. – Moscow: RUDN, 2020. – 273 p. (in Russian)
10. Oxford Dictionary [Electronic resource] <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/> (in English/website)
11. Akhappkina Ya.E., Rakhilina E.V. Sovremennyyi russkii yazyk v internete [Modern Russian language on the Internet]. – Moscow: Yazyki slavyanskoi kultury, 2014. – 328 p. (in Russian)

**A. Yergalikyzy**

Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka street

ORCID: 0009-0005-0126-5451

e-mail: [ergalikyzy.a@mail.ru](mailto:ergalikyzy.a@mail.ru)

### **PHONETIC FEATURES OF THE INTERNET VOCABULARY OF THE MODERN KAZAKH LANGUAGE**

**Abstract.** The article systematizes and comprehensively analyzes the phenomena of the phonetic level of the Internet vocabulary of the modern Kazakh language. Instagram, Facebook, social networks (Threads, Instagram, Facebook), and instant messengers (WhatsApp, Telegram), which have been actively used in recent years, were chosen as the object of the study. The research used methods of observation, generalization, comparative and descriptive analysis. As a result, it is revealed that new forms of linguistic usage are being formed in the Internet space, characterized by a mixture of elements of spoken and written speech. The active use of Latin graphics and the development of foreign-language sounds indicate a new stage of phonetic adaptation in the Kazakh-speaking Internet space. The article provides specific examples of these phenomena, reveals their causes and impact on the modern linguistic norm and writing culture. According to the results of the study, it was found that the phonetic features of the Internet vocabulary reflect the natural development and adaptability of the Kazakh language.

**Keywords:** internet, Internet language, Internet vocabulary, phonetic level, graphics, sound.

**Ә. Ерғалиқызы**

Шәкәрім университет,

071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20А

ORCID: 0009-0005-0126-5451

e-mail: [ergalikyzy.a@mail.ru](mailto:ergalikyzy.a@mail.ru)

### **ФОНЕТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ- ЛЕКСИКИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

**Аннотация.** В статье систематизированы и проанализированы явления фонетического уровня интернет-лексики современного казахского языка. В качестве объекта исследования были взяты примеры казахоязычных веб-сайтов и социальных сетей во Всемирной паутине (World Wide Web, сокращенно WWW) и мессенджеров (Whats app, Telegram), которые в последние годы часто используются. В ходе исследования использовались методы наблюдения и обобщения, сравнительного анализа, описательные методы. Результаты исследования показали, что в интернет-пространстве появились новые формы использования языка, смешение разговорной речи и письменной речи, что привело к более широкому распространению новых явлений. На фонетическом уровне интернет-языка слова часто претерпевают такие изменения, как звуковая компактификация или, наоборот, повторение графем с целью письменной передачи человеческих эмоций. В статье приводятся примеры этих явлений и объясняются причины. Было рассмотрено их влияние на современный язык и культуру письма. Подводя итоги, было замечено, что фонетический уровень интернет-лексики казахского языка является еще одним шагом в естественном развитии языка. В свою очередь, казахский язык доказал свою восприимчивость к изменениям, является постоянно развивающейся системой.

**Ключевые слова:** интернет, интернет язык, интернет-лексика, фонетический уровень, графика, звук.

### Автор туралы мәлімет

**Ерғалиқызы Әйгерім** – «Шәкәрім университеті» КеАҚ қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: [ergalikyzy.a@mail.ru](mailto:ergalikyzy.a@mail.ru), ORCID: <https://ORCID.org/0009-0005-0126-5451>.

### Сведения об авторе

**Ерғалиқызы Әйгерім** – преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: [ergalikyzy.a@mail.ru](mailto:ergalikyzy.a@mail.ru), ORCID: <https://ORCID.org/0009-0005-0126-5451>.

### Information about the author

**Aigerim Ergalikyzy** – lecturer at the Department of kazakh philology «Shakarim University», Republic of Kazakhstan, e-mail: [ergalikyzy.a@mail.ru](mailto:ergalikyzy.a@mail.ru), ORCID: <https://ORCID.org/0009-0005-0126-5451>.

*Редакцияға енуі 24.10.2025*

*Өңдеуден кейін түсуі 12.12.2025*

*Жариялауға қабылданды 22.12.2025*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-8](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-8)

IRSTI: 14.35.07

**A.D. Nygymetova\*, B.A. Abdykhanova**

Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka street

\*ORCID: 0009-0031-3796-9945

\*e-mail: [aigul.nygymetova@mail.ru](mailto:aigul.nygymetova@mail.ru)

## INTERRELATION OF FEEDBACK AND MOTIVATION IN ASSESSMENT OF STUDENTS

**Abstract.** This article is devoted to the study of the impact of feedback on students' success in foreign language acquisition, with the aim of identifying how different types of feedback influence learning outcomes. The research involved both quantitative and qualitative methods, including surveys and classroom observations conducted among university students learning foreign languages. The results revealed that timely and constructive feedback significantly contributes to the development of speaking, writing, and comprehension skills. According to survey data, 60% of students reported that feedback helped them better understand their mistakes and 25% said it increased their motivation to improve. However, 15% of respondents indicated that overly critical feedback could cause anxiety and reduce confidence. The findings suggest that feedback plays a crucial role in language learning success not only by guiding students but also by shaping their motivation and engagement. Therefore, implementing balanced, supportive feedback practices can enhance language acquisition and foster a positive learning environment.

**Keywords:** Psycholinguistics, students motivation, assessment criteria, feedback, academic achievement.

### Introduction

Assessing students' academic achievement is one of the fundamental elements of the modern education system. However, assessment alone does not directly influence the learning process; its effectiveness largely depends on the feedback provided after the assessment. Feedback is an informational and pedagogical process aimed at explaining, evaluating and improving a student's learning performance. It not only identifies the learner's achievements but also indicates how they can continue to develop. Due to this characteristic, feedback is closely connected with motivation, as the way students perceive feedback directly affects their engagement, confidence and willingness to improve.

Feedback is a continuous and dynamic process consisting of several stages: